

Нағыз лайықтылар ғана депутат болуы тиіс



Шындығын айту керек, биылғы Жолдау бұрынғы қай Жолдаулардан да өзгешелігімен, тың жаңалықтарымен есте қалды. Мемлекеттің сайлау үдерісінде алдағы уақытта айтарлықтай өзгерістер орын алмақ. Президент электронды сайлау технологияларын енгізудің келешегі туралы пікір білдірді.

«Сайлау үдерісін жаңғырту халықаралық тәжірибеде сайлауды ұйымдастыру жүйесі ұдайы өзгеріп отыратыны белгілі. Яғни әділ және ашық сайлау өткізу үшін тиімді шешім іздеудің маңызы зор» деген Мемлекет басшысы соңғы жылдарда бұл үдеріске ақпараттық және технологиялық факторлармен бірге коронавирус індеті де әсер еткенін атап өтті. «Көптеген елдер дауыс берудің баламалы түрлерін пайдаланып жатыр. Яғни электронды, мерзімнен бұрын, қашықтан көпкүндік дауыс беру тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Сондықтан, әлемдегі үздік тәжірибелерді зерттеп, қажет болса, оны біртіндеп енгізген жөн» деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы бүгінгі таңда сайлауды керек қылмайтын адамдардың қатары көбейгенін де атап өтті. Олар өздерінің дауысы маңызды екеніне сенбейтін болды. Халықтың сайлау науқанына қызығушылығының күрт төмендеуіне елімізде партиялық жүйені дамытуға тың серпін берілгені себеп болғаны сөзсіз. Соның салдарынан партияда жоқ азаматтар сайлауға қатыса алмайтын жағдайға жетті. Президенттің пікірінше, ендігі жерде азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру саяси жаңғырудың басты мақсаты болмақ.

Мұнан бөлек, биылғы Жолдауда Президент сайлаудың пропорционалды-мажоритарлық моделі туралы мәлімдеме жасады. Депутаттар сайлаушылармен өзара байланыста болуы тиіс. Енді сайлау алдында берген уәдесін орындамаған депутатты кері қайтару мүмкіндігі туды. Ал, бұл «Көтере алмайтын шоқпарды беліңе байлама» деген мәтелді еске түсіреді. Яғни депутаттыққа қолынан іс келетін нағыз лайықтылар ғана іріктеліп шығуы тиіс.

Президенттің айтуынша, бұл ұстаным демократия дәстүрлерін едәуір нығайтады. Өзара жауапкершілік пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениетті қалыптастырады. «Пропорционалды және мажоритарлы жүйе қатар қолданылса, саяси партиялардың рөлі сақталады. Олар еліміздегі азаматтық қоғамның басты институттарының бірі ретінде қала береді. Сонымен бірге бұл жүйе сайлауды әділ өткізуге және мемлекетті тиімді басқаруға мүмкіндік береді» деді Мемлекет басшысы.

Аралас сайлау үлгісі азаматтардың саяси белсенділігін арттырып, елімізді жаңғырту үдерісіне жұмылдыра түсетініне Президент сенім білдірді.

Еңлікхан ҚОЗЫБАЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың
Инновациялық білім беру техноло-
гиялар институтының директоры.